

	«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» мекемесі	Сапа менеджменті жүйесі	
		Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары	Өзгерістер № _____ Күні _____ Дана _____



БЕКІТЕМІН

Академик Қ.Сәтбаев

атындағы ЕИТИ ректоры

Сиваракша Д.М.

2025 жылғы қаңтар 2025 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕЛЕР

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АУЫСТЫРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ

«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М	
«Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары»	

Алғы сөз

1 Сапа менеджменті, стандарттау және нормобақылау жүйесін басқару қызметімен **ӘЗІРЛЕНГЕН**

2 Сапа менеджменті, стандарттау және нормобақылау жүйесін басқару қызметімен **ЕНГІЗІЛГЕН**

3 ӘЗІРЛЕУШІ:

К.Б.Асылова – инженерлік-экономикалық факультетінің деканы

4 Институт Ғылыми кеңесінің 2025 жылғы «29» қаңтардағы № 6 шешімі негізінде ректор **БЕКІТКЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗГЕН**

5 САРАПШЫЛАР:

- 1) Д.К.Имангазина – оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор;
- 2) Л.А.Потяга – Білім сапасын ішкі қамтамасыз ету департаментінің басшысы;
- 3) Л.В.Кульбидюк – «Оқу бөлімінің» бастығы.

Осы Ережелерді «Академик Қ. Сәтбаев Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

© Академик Қ. Сәтбаев Екібастұз
инженерлік-техникалық институты, 2025

«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М	
«Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары»	

Мазмұны

1 Қолдану саласы	4
2 Нормативтік сілтемелер	4
3 Негізгі ұғымдар мен анықтамалар	4
4 Жалпы ережелер	6
Өтінішті ресімдеу нысаны А қосымшасы	10
Құжатқа өзгерістер, толықтырулар мен тексерулерді тіркеу парағы	11

1 Қолдану саласы

Осы Ереже сапа менеджменті жүйесінде «Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» мекемесінде (бұдан әрі - Институт) жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау тәртібін айқындайды.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Ережелерде мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын (бұдан әрі – МЖМБС) бекіту туралы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің Үлгілік қағидаларын бекіту туралы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы;

- Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институтының жарғысы.

3 Негізгі ұғымдар мен анықтамалар

академиялық берешек – бір немесе бірнеше пәндер (модульдер), практикалар, курстық жобалар (жұмыстар) бойынша аралық аттестаттаудың қанағаттанарлықсыз нәтижелері немесе дәлелді себептер болмаған кезде аралық аттестаттаудан өтпеуі.

академиялық үлгерімсіздік – студенттің оқу жоспарын орындамауы.

қалпына келтіру – бакалавриаттың білім беру бағдарламасын игеру аяқталғанға дейін жоғары оқу орнынан шығарылған жеке тұлғамен білім беру қатынастарын жаңарту.

түлек – білім туралы құжатты ала отырып, оқу бағдарламасы бойынша білім беру мекемесінде оқуды сәтті аяқтаған тұлға.

білім алушыларды қорытынды аттестаттау (Qualification Examination) – тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына

сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің және оқу қызметінің өзге де түрлерінің көлемін игеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім.

жеке оқу жоспары (ЖОЖ) – білім алушылардың білім беру бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен әрбір оқу жылына дербес қалыптастырылатын оқу жоспары.

білім беру қызметі – білім беру бағдарламаларын іске асыру жөніндегі қызмет.

оқыту – студенттердің білімін, іскерлігін, дағдылары мен құзыреттілігін игеру, қызмет тәжірибесін игеру, қабілеттерін дамыту, күнделікті өмірде білімді қолдану тәжірибесін игеру және білім алушылардың өмір бойы білім алу уәждемесін қалыптастыру бойынша іс-әрекетін ұйымдастырудың мақсатты процесі.

білім алушыларды аралық аттестаттау – оқуды аяқтағаннан кейін оқу пәнінің бағдарламасына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерінің (білімдерінің, іскерліктерінің, дағдылары мен құзыреттерінің) деңгейін бағалау рәсімі.

ауыстыру – студенттің тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламасын іске асыратын басқа білім беру ұйымынан ЖОО-ға немесе ЖОО-дан басқа білім беру ұйымына ауысуы, ЖОО ішіндегі даярлықтың бір бағытынан екіншісіне, оқытудың бір нысанынан екіншісіне ауысуы.

қайта есептеу – оқудан шығарылғанға дейін студент меңгерген оқу пәндерін (модульдерін), практикаларды, курстық жобаларды (жұмыстарды) тану, олар бойынша алынған бағаларды (сынақтарды) тану және оларды қайта қабылдау кезінде жоғары білімнің білім беру бағдарламасын меңгергені туралы құжаттарға көшіру.

студент (білім алушы) – бакалавриаттың білім беру бағдарламасын меңгерген жеке тұлға.

үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average - GPA) – таңдалған бағдарлама бойынша белгілі бір кезеңдегі білім алушының оқу жетістіктерінің деңгейін орташа өлшенген бағалау (оқу жұмысының барлық түрлері бойынша қорытынды бағалау балдарының сандық баламасына кредиттер туындылары сомасының осы оқу кезеңіндегі жұмыстың осы түрлері бойынша кредиттердің жалпы санына қатынасы).

эдвайзер (Advisor) – тиісті білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын академиялық тәлімгердің функцияларын орындайтын, оқыту траекториясын таңдауға (жеке оқу жоспарын қалыптастыруға) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламасын меңгеруге жәрдемдесетін оқытушы.

3.1 Белгілер

ОӘЖ – оқу-әдістемелік жұмыс;
 СМЖ – сапа менеджменті жүйесі;
 ҰБТ – ұлттық бірыңғай тестілеу;

КТ – кешенді тестілеу;
 ТК – тіркеуші кеңсесі;
 ЖОО – жоғары оқу орны;
 БББ – білім беру бағдарламасы.

4 Жалпы ережелер

4.1 ЖОО-да студенттерді ауыстыру жүзеге асырылады:

- курстан курсқа;
- оқытудың бір түрінен екіншісіне;
- бір тілдік бөлімшеден екіншісіне;
- бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне;
- басқа ЖОО-дан;
- басқа ЖОО-ға ауысу.

4.2 Білім алушы қайта қабылдау кезінде оқудан шығару мерзіміне қарамастан ЖОО-ға ауыстырылады немесе қайта қабылданады.

4.3 Бұл ретте білім алушыларды бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, бір ЖОО-дан екіншісіне ауыстыру және қайта қабылдау жазғы және қысқы демалыс кезеңінде жүзеге асырылады (ҚР БҒМ № 595 бұйрығының 31-тармағы).

4.4 Бұл ретте, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған, соғыс уақыты, сондай-ақ оқу еліндегі қарулы, әскери қақтығыстар жағдайында Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды шетелдік жоғары оқу орындарынан ауыстыру және қалпына келтіру оқу жылы ішінде жүзеге асырылады.

4.5 ЖОО білім алушылары егер олар жеке оқу жоспарына сәйкес игерілетін бағдарламаның бірінші академиялық кезеңін толық аяқтаған болса (ҚР БҒМ №595 Бұйрығының 31 тармағы), оқудан шығарылғаннан кейін ауыстырылады немесе қайта қабылданады.

4.6 Білім алушыны оқытудың ақылы негізінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқытуға ауыстыру «Білім туралы» Заңның 5-3 бабының 26) тармақшасына сәйкес бекітілген тәртіппен жүзеге асырылады.

4.7 Білім беру гранты бойынша оқитын студент білім беру грантын сақтай отырып, басқа ЖОО-ға ауыстырылады.

4.8 Білім алушыны ауыстыру кезінде қабылдаушы ЖОО дайындық бағытын, білім беру бағдарламасының бейінін, оқу жетістіктерін, сондай-ақ білім алушылардың академиялық адалдығын бұзу жағдайларын ескереді. Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде жоғары оқу орны оқу нәтижелерін қайта есептеу үшін тиісті комиссия құрады.

4.9 Білім алушыны шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтарынан білім беру бағдарламаларының басқа топтарына ауыстыру жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің

білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленген шекті балдан төмен емес баллмен Ұлттық бірыңғай тестілеу сертификаты болған кезде жүзеге асырылады, осы қағидалар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17650 болып тіркелген).

4.10 Білім беру саласы бойынша Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізілімдеріне және (немесе) қауымдастықтарына енгізілген білім алушыларды шетелдік жоғары оқу орындарынан ауыстыру білім берудің тиісті деңгейі, білім беру саласы және қабылдау жылы бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған және (немесе) ұлттық және (немесе) шетелдік аккредиттеу органдарының халықаралық мамандандырылған аккредиттеуі бар жоғары оқу орындарына жүзеге асырылады.

4.11 Білім беру саласы бойынша Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізілімдеріне және (немесе) қауымдастықтарына енгізілген білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау білім беру қызметімен айналысуға лицензиясы және (немесе) лицензиясына қосымшасы бар, сондай-ақ ұлттық және (немесе) шетелдік аккредиттеу органдарының халықаралық мамандандырылған аккредиттеуі бар ЖЖОКБҰ-да жүзеге асырылады.

4.12 ЖОО білім алушыларды ауыстыру, оқудан шығару, қабылдау, тіркеу туралы шешім шығарылған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне тиісті өзгерістер енгізеді.

4.13 Білім алушыны ақылы негізден білім беру грантына ауыстыру білім алушының жазғы каникул және қысқы каникул кезеңінде беретін өтініші негізінде конкурстық негізде бос орындар болған кезде ҚР ҒЖБМ нормативтік талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

4.14 Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау кезінде олар алдыңғы академиялық кезеңдерде оқыған оқу жұмыс жоспарларының пәндеріндегі академиялық айырмашылық айқындалады.

4.15 Оқу жұмыс жоспарлары пәндеріндегі академиялық айырмашылықты деканат зерделенген пәндер тізбесі, олардың бағдарламалары және транскрипте көрсетілген академиялық сағаттардағы немесе кредиттердегі көлемдер негізінде меңгерушілердің, тиісті кафедралардың қатысуымен айқындайды. Кредиттердегі академиялық айырма көлемі өтініште тіркеледі, декан бұрыштама қояды және өтініш берушінің назарына жеткізіледі.

4.16 Техникалық және кәсіптік білімнің, орта білімнен кейінгі білімнің, сондай-ақ жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының базасында оқуға түсу және жоғары білімнің білім беру бағдарламасының бейіні және (немесе) жоғары білімнің, техникалық және кәсіптік білімнің немесе орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламасымен сәйкестігі кезінде формальды

білімнің алдыңғы деңгейіндегі оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады, игерілетін академиялық кредиттердің саны және оқу мерзімі (МЖМБС талаптарының № 2 бұйрығына 21 тармағына сәйкес) қысқартылады.

4.17 Оқыту нәтижелері пререквизиттер ретінде сәйкес келген жағдайда формальды білім берудің алдыңғы деңгейінің жекелеген пәндері, сондай-ақ тиісті деңгейдегі бейресми білім берудің оқыту нәтижелері (МЖМБС талаптарының № 2 бұйрығына 21 тармағына сәйкес) қайта есепке алынады.

Ауысу, қайта қабылдау кезінде қол жеткізілген оқу нәтижелері, білім алушының оң бағалары академиялық кредиттерді бір ББ-дан екіншісіне, бір білім беру ұйымынан басқа білім беру ұйымына ауыстыра отырып танылады (ҚР БҒМ №152 бұйрығының 41-тармағы).

Академиялық ұтқырлық шеңберінде білім алушылардың толық көлемде игерген және транскриптпен расталған оқу нәтижелерін ЖЖОКБҰ міндетті түрде қайта оқиды (ҚР БҒМ №152 Бұйрығының 48-тармағы).

4.18 Білім беру бағдарламасының бейіні сәйкес келмеген жағдайда оқыту жоғары білімнің толық бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

Жоғары білімнің білім беру бағдарламасының өзіндік ерекшеліктерін білдіретін бейіні тиісті білім беру саласына жататындығын, оқу саласының сипаттамасын, даярлық деңгейлерін, оқыту нәтижелерін, кәсіптік қызметтің негізгі түрлерін білдіреді және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына сәйкес келесі бағыттарда айқындалады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17565 болып тіркелген):

- 1) «Педагогикалық ғылымдар» - жоғары педагогикалық білім;
- 2) «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» - жоғары өнертану білімі немесе жоғары гуманитарлық білім;
- 3) «Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат» - әлеуметтік ғылымдар саласындағы жоғары білім немесе PR саласындағы жоғары білім;
- 4) «Бизнес, басқару және құқық» - жоғары экономикалық білім немесе жоғары заң білімі;
- 5) «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» - жоғары жаратылыстану-ғылыми білім немесе жоғары математикалық білім;
- 6) «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» - АКТ саласындағы жоғары білім;
- 7) «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары» - жоғары инженерлік білім;
- 8) «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» - жоғары ауыл шаруашылығы білімі;
- 9) «Ветеринария» - жоғары ветеринариялық білім;
- 10) «Денсаулық сақтау» - жоғары медициналық білім;
- 11) «Қызметтер» - қызметтер саласындағы жоғары білім.

4.19 Білім алушыны шетелдік білім беру ұйымынан ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде мынадай құжаттар ұсынылады:

1) кредиттер мен бағаларды көрсете отырып, тиісті оқу кезеңінде меңгерілген пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа да түрлерінің тізбесін қамтитын құжат;

2) Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында нострификациялау рәсімінен өтетін білім берудің алдыңғы деңгейін аяқтау туралы құжат.

4.20 Жұмыс оқу жоспары пәндеріндегі академиялық айырмашылықты жою үшін білім алушы оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, ағымдағы бақылаудың барлық түрлерін тапсырады, қорытынды бақылауға рұқсат алады.

4.21 Академиялық берешекті немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықты жою, оқу пәндерін зерделеу үшін жазғы семестрді (бітіру курсын қоспағанда) енгізуге жол беріледі.

4.22 Білім алушыны курстан курсқа ауыстырудың міндетті шарты білім алушының оқу үлгерімінің орташа балын (GPA) - институттың Ғылыми кеңесі белгілеген ауысу балынан төмен емес қабылдау болып табылады.

4.23 ЖОО-да бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне немесе бір оқу нысанынан екіншісіне ауыстыру ЖОО ректорының бұйрығымен, ол болмаған жағдайда - міндетін атқарушының бұйрығымен жүргізіледі.

4.24 Ауыстыру және (немесе) қайта қабылдау кезінде қабылдау туралы бұйрықтың негізінде студент білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен әрбір оқу жылына дербес қалыптастыратын студенттің жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) жасайды.

4.25 Берешек өтелген жағдайда төлемегені үшін семестр ішінде оқудан шығарылған ақылы негізде білім алушылардың оқудан шығарылған кезден бастап төрт апта ішінде оқуға түсуге құқығы бар.

«Академик Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты» М	
«Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары»	

А қосымшасы

Өтінішті ресімдеу нысаны

Академик Қ.Сәтбаев атындағы ЕИТИ
ректорына

(Т.А.Ә.)

_____дан

(студенттің Т.А.Ә.)

(туған күні)

(тұрғылықты жерінің мекенжайы)

(телефон нөмірі)

ӨТІНІШ

Мені мамандық/ білім беру бағдарламасы бойынша күндізгі толық/ қысқартылған оқу түріне қабылдауыңызды/ қайта қабылдауыңызды сұраймын.

(қолы, күні)

